

СҮТ БЕЗДЕРІНІҢ ФИБРОАДЕНОМАСЫН ЕМДЕУДЕГІ ЖОҒАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ФОКУСИРЛЕНГЕН УЛЬТРАДЫБЫСТЫ ҚОЛДАНУ

Сүт бездерінің фиброаденомасына шалдыққан 16 -62 жас аралығындағы (орташа жасы 30,5 ±11,4) 39 пациентті жоғары қарқынды фокусталған ультрадыбыспен (HIFU) емдеу қортындылары талданды.

Емдеудің нәтижелігі нақтылы уақытында, цитоморфологиялық зерттеумен, ультрадыбыстық зерттеумен HIFU – абляция процесін визуализациялаумен бағаланды.

Жасалған талдау HIFU – терапия сүт безінің фиброаденомасын емдеудің нәтижелі әдісі екенін және сүт безі фиброаденомасын емдеудің еркін бір түрі ретінде қолданыла алатынын көрсетеді.

Түйінді сөздер: сүт безі, фиброаденома, ультрадыбыс

Сүт безінің өзгеше ерекшелігі физиологиялық және патологиялық өзгерістердің нақты саралануының күрделілігі, сондай-ақ, қатерсіз диффузды патологияның әр түрлі түрлері болып табылады. Бұған сүт безінің қалыпты құрылымы жас ерекшелікке, репродуктивті жүйенің күйі мен тіпті, менструациялық цикл кезеңіне байланысты тек түрлі әйелдерде ғана емес, бір әйелде де үлкен түрленгіштікпен сипатталатындығы себеп болып отыр. Заманауи тұжырымдарға сәйкес, сүт бездері көпфакторлы гормондық әсерге ие. Олар сондай-ақ, жатыр секілді жыныстық стероидты гормондар үшін нысана-мүше болып табылады. Одан басқа, оларға гипофиз гормондары, бүйрекүсті без, қалқаншабез, ұйқыбез қыртыстары және т.б. әсер көрсететіні анықталған [1].

Сүт безі ісіктерін диагностикалау мен емдеудің табыстылығына қарамастан, саралау диагностикасы, сапалы бақылау, қатерлі ісіктерді бірлескен және кешенді емдеу мәселелері маңызды орынға ие болып отыр. Әйелдер қауымының қатерлі ісіктеріне шалдығу мен өлім-жітім құрылымында Ресейде сүт безі обыры 1996 ж. 1-орынды иеленді, ал ауруға шалдыққандардың нақты саны 39 мыңға дейін (1991 ж. – 31,9 мың), қайтыс болғандар – 19,6 мыңға дейін ұлғайса, осындай жағдай Қазақстан Республикасында да орын алды. Авторлардың бірқатары [2,3,4,5,6] сүт безі обырының клиникаға cancer in situ дейінгі сатысын анықтауға үлкен мән береді.

Сүт бездерінің қатерсіз өзгерістері түрлі жас ерекшелік тобындағы әйелдедегі кең таралған ауруға жатады және клиникалық, морфологиялық және этиологиялық белгі бойынша процестерге жатады. Сүт бездерінің қатерлі ісігі аурулары популяцияда 30-70%-ға дейінгі [7] жағдайларда таралған, осы патологияның бұлжымайтын өсуіне және эпителий гиперплазиясымен орын алатын кейбір пролиферативті түріне байланысты сүт безі обырының орын алуының жоғары қатерінің маркері ретінде қарастырылады [8].

Фиброаденома – сүт безінің ең жиі кездесетін ауруларының бірі және барлық қатерсіз ісіктің 95%-ын құрайды.

Сүт безі фиброаденомасының 3 гистологиялық нұсқасын бөліп қарастырады:

- Периканакүлярлы (51%)
- Интраканакүлярлы (47%)
- Аралас (2%)

Гистологиялық құрылымына байланыссыз фиброаденоманың анықталуы хирургиялық емге көрсеткіш болып табылады. Емдеудің хирургиялық әдісінің келесі тәсілдері бар:

1) Секторалды резекция (қоршаған тіндерімен бірге ісікті алып тастау);

2) Энуклеация (сылып тастау) – тек ісікті ғана алу.

2010 жылғы қаңтардан бастап ҰҒМО клиникалық тәжірибесіне сүт бездері фиброаденомасын жоғары қарқынды фокусталған ультрадыбыспен (HIFU) емдеу әдістемесі енгізілген.

Фиброаденоманы жоғары қарқынды фокусталған ультрадыбыспен бұзу механикалық энергияны жылулыққа (фокустандыру аймағындағы температура 80-100° С жетеді) айналдыру және кавитация (ультрадыбыс молекулалық құрылым сығылу мен тоғынан айрылуға ұшырайтын тәндерді дірілді тудырады) әсерінен орын алады.

Біз 16-дан 62 жас аралығындағы (орташа жас 30,5±11,4) сүт безі фиброаденомасына шалдыққан 39 пациентті емдедік. Барлық науқастарға емдеуге дейін сүт безін тексерудің келесі түрлері жүргізілді:

- Маммография
- Ультрадыбыстық тексеру
- Морфоцитологиялық тексеру

Тексеру нәтижесі 1,2-кестеде келтірілген.

Кесте 1 - Сүт безі фиброаденомасының орналасуы бойынша таралуы

Орналасуы	Абс.	%
оң	21	53,8
сол	11	28,2
2-жақты.	7	18,0
Барлығы	39	100

Науқастар фиброаденоманың мөлшеріне байланысты үш топқа бөлінген (2-кесте).

Кесте 2 - Сүт безі ісігінің мөлшері бойынша бөлу


Топ	Диаметр (мм)	Абс.	%
I	10-20	30	65,2
II	21-30	13	28,3
III	31-50	3	6,5
	барлығы	46	100

HIFU – терапия ішкі жансыздандыру арқылы жүзеге асырылды. Наркоз жасауды бастаған соң пациент емдеу үшін қажетті күйге келтіріліп жатқызылды.


Абляцияны 5 мм тілік бойынша тік бағытта фокустелген ультрадыбыс барысымен жүргізді.

Сәулелену қарқындылығының орташа қуаты 178,5 W құрады. Жұмсалған энергия 56560,9 J құрады.


Емдеудің тиімділігі HIFU – абляция процесінің (1-сурет), цитоморфологиялық тексеру (2-сурет), ультрадыбыстық тексеру (3-сурет) процесінің көрнекілендірілуімен нақты уақытта бағаланды.



Сурет 1 - Нақты уақыттағы ультрадыбыстық орнату монитормының сұр шкаласының емдік әсері. Оң жақтағы экранда ісіктің «қайнатылған» тіннің гиперэхогенді бөлігі



А




Б

Сурет 2 - морфологиялық тексеру: А) HIFU – терапияға дейінгі аденоматозды жасушалар; Б) HIFU – терапиядан кейін жасушалық құрылым некрозы



А



Б

Сурет 3 - Ультрадыбыстық тексеру: А) NIFU – терапияға дейін; Б) NIFU – терапиядан кейін, фиброздалған тіннің гиперэхогенді құрылымы

I топтағы емделген 30 фибroadеномадан өткізілген NIFU –абляциядан соң 6 ай өткенде 19 пациент тексерілді. Ультрадыбыстық сканерлеу кезінде 6 жағдайда ісік көзге көрінді, 8 жағдайда гиперэхогенділік, ісік диаметрінің 2 есеге кішіреюі байқалды. 5 жағдайда фибroadенома мөлшері өзгерген жоқ, бірақ эхоқұрылым өзгерім, гиперэхогенді болды.

Емделген фибroadеноманың II тобы бойынша 6 ай өткен соң 8 пациент тексерілді, олардың 5-і ультрасонография кезінде гиперэхогенділік, ісіктің мөлшерінің 2 есеге кішіреюі байқалды. 3 жағдайда ісіктің мөлшерінің өзгеріссіз гиперэхогенділік байқалды.

III топта ісік мөлшері өзгерген жоқ, барлық ұзына бойыда гиперэхогенді бөліктің ісіктері (фиброз аймақтары) ультрасонографиялық.

Тұжырым:

- 1) NIFU – терапия сүт безі фибroadеномасын емдеудің тиімді тәсілі.
- 2) NIFU – терапия сүт безі фибroadеномасын емдеудің өзіндік түрі ретінде қолданыла алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бурдина Л.М. Ішкі жыныс мүшелерінің қатерсіз гиперпластикалық ауруларына шалдыққан науқастардағы сүт безі күйі мен гормондық жағдай ерекшеліктері. Маммология. 1993. №1.
- 2 Линденбратен Л.Д. Сүт безінің диспластикалық және ісіктік зақымдануы кезіндегі кешенді тексеру тәсілі. Хирургия, 1982, № 2, с. 8-15.
- 3 Ошмянская А.И. Қатерсіз ісікті дер кезінде диагностикалауды ұйымдастырудағы қалалық онкологиялық диспансер рөлі. Кеңестік медицина, 1976, « 8, 142-145-б.
- 4 Пинхосевич Е.Г. Заманауи маммологияның өзекті мәселелері. «Медицинадағы заманауи сәулелік диагностика мүмкіндіктері». М., 1989, 145-146-б.
- 5 Lippman M.E. et all. Diagnosis and Management of Breast Cancer, 1988 WB Saunders Company Philad.
- 6 Sickler E. Periodic Mammography Follori-up of Probable benign lesions Result in 3184 Consecutive Cases. Radiol., 1991, 179, 2, 463-468.
- 7 Семиглазов В.Ф., Канаев С.В., Бугрова Л.И. // «Сүт безі обырының мүше сақтап емдеудегі адъювантты сәулелік терапия рөлін бағалау» рандомизделген тексерудің аралық нәтижелері. Онкология мәселелері, 1998, 4,436-439-б.

- 8 Щедрина Р.Н. Әйел организмнің репродуктивті қызметтің қалыптасу және тоқтау кезеңдеріндегі гормондық жағдайы: Ғылыми еңбектер жинағы, Мәскеу, 1986, 9-28-б.

С.Б. ИМАНКУЛОВ, Т.У. ТУГАНБЕКОВ, К.Р. РУСТЕМОВА, Ж.Ш. СЕЙДАГАЛИЕВА

Национальный научный медицинский центр г.Астана

АО «МУА» г.Астана

ПРИМЕНЕНИЕ ВЫСОКОИНТЕНСИВНОГО ФОКУСИРОВАННОГО УЛЬТРАЗВУКА (HIFU) В ЛЕЧЕНИИ ФИБРОАДЕНОМ МОЛОЧНЫХ ЖЕЛЕЗ

Резюме: пролечено 39 пациенток с фиброаденомой молочной железы в возрасте от 16 до 62 лет (средний возраст $30,5 \pm 11,4$). Эффективность лечения оценивалась визуализацией процесса HIFU-абляции в реальном времени, цитоморфологическим исследованием, ультразвуковым исследованием.

HIFU – терапия эффективный метод лечения фиброаденомы молочной желез может применяться, как самостоятельный вид лечения фиброаденомы молочной железы

Ключевые слова: молочные железы, фиброаденома, ультразвук

S.B. IMANKULOV, T.Y. TUGANBEKOV, K.R. RUSTEMOVA, Z.S. SEYDAGALYIEVA

National Scientific Medical Research Center, Astana

HIGH INTENSITY FOCUSED ULTRASOUND (HIFU) TREATMENT OF MAMMARY GLANDS FIBROADENOMA

Resume: All our 39 fibro adenoma patients age distribution from 16 to 62 (average age: $30, 5 \pm 11, 4$) treated with high intensity focused ultrasound and obtained results discussed.

After HIFU – treatment, our treating effectiveness process analyzed by cyto – morphological analyzing and ultrasound imaging methods.

Our results shown; HIFU – treatment is one of more effective and main options of patients for breast fibro adenomas.

Keywords: mammary glands, fibroadenoma, ultrasound